

ТЕКСЕРІЛДІ:

Үлгілерге
қолданылған
жазба

26.09.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 29.09 – 03.10. 2025 жыл (1-апта)

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.09	Сейсенбі 30.09	Сәрсенбі 01.10	Бейсенбі 02.10	Жұма 03.10
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Күз мезгілі»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Қос алқа» күйі https://zvyki.com/song/188839023/os_al_a_-_D_uletkerej_-_os_al_a/				
	«Өнегелі 15 минут» Балаларды «Қайырлы күн!» деп айтуға машықтандыру Әңгіме: «Кімді көргенде амандасамыз?»				
Сөздік минимум	Балабақша, қандай?, үлкен, кішкентай Менің балабақшам. Сенің балабақшаң		Ауа райы құбылыстары: жаңбыр жауады, жел соғады, күн суық, күн, аспан, бұлт, жапырақтар		

	<p>қандай? Менің балабақшам үлкен</p> <p>Қазір күз мезгілі Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша</p>		<p>түседі. Бүгін, күн, суық, жылы. Бүгін күн жылы ма, суық па?</p>		
<p>Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Мынау - балабақша» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, Ү, Ұ; қарапайым сұрақтарға (Мынау не?) жауап беруді үйрету.</p> <p>Суретпен жұмыс -Балалар, мынау не? -Бұл – балабақша. - Балабақша кімдер бар? -Тәрбиешілер мен балалар.</p> <p>Салыстырайық Балабақша қандай? Үлкен балабақша – кішкентай балабақша Кел, сөйлесейік! -Мынау не? -Бұл - балабақша. -Балабақша қандай? -Балабақша үлкен. -Мынау не? -Бұл - балабақша.</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Күзгі ауа райы» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ү, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; қарапайым сұрақ қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету; педагог үлгісі бойынша сөйлесуге үйрету.</p> <p>Балалар, біз күз туралы тақырыбымызды жалғастырамыз. Экраннан күз мезгілінің суреті көрсетіледі. Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір күз мезгілі. Ү – ү – ү – күз. Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар.</p>		

-Балабақша қандай?
-Балабақша кішкентай.
Есте сақтайық!
Менің балабақшам.
Біздің балабақшамыз.
Сұрақ-жауап
Сенің балабақшан қандай?
Менің балабақшам үлкен.
Менің балабақшам әдемі.
Біздің балабақшамыз үлкен.
Біздің балабақшамыз әдемі.
Ән тыңдайық!
«Балабақша» әні

Рефлексия
«Сұрақ-жауап»
Мынау не?
Балабақша қандай?

Мектепалды тобы
Тақырыбы: «Алтын күз»
Міндеттері:
сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і, ы, ү, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету;

Экраннан балалардың алғаш мектепке бар жатқан көрінісі көрсетіледі.
Мектептегі оқу қыркүйек айында басталады.
Экраннан жапырақ көп түскен күз мезгілі көрсетіледі.
Жапырақ көп түскен уақыт қазан айы.
Экраннан ағаштарда жапырақ қалмаған күз мезгілінің суреті көрсетіледі.
Ағаштарда жапырақ қалмаған уақыт қараша айы. Сонымен күз мезгілінде үш ай бар.
Қыркүйек, қазан, қараша.
Буынды ұйқас
Үз – үз – үз – салқын күз.
Ды – ды – ды – жаңбыр жауды.
Балалар, күз мезгіліндегі негізгі ерешелікті атайықшы.
Күз мезгілінде жапырақтар түседі.
Жапырақ – жапырақтар.
Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

	<p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Жұмбақ жасыру Қызыл, сары кемелер, Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Ол не? (Жапырақтар)</p> <p>Ғажайып сәт Сиқырлы әуеннің дыбысы естіледі. Жоғары жақтан алтын жапырақ ұшып түседі. - Балалар, бізге қонаққа Алтын жапырақ келді. Қане, барлығымыз амандасайық. - Сәлеметсіз бе! - Ол саяхатқа шығыпты. Балаларды таңғажайып күз мезгілімен таныстырғысы келеді екен.</p> <p>Суретпен жұмыс Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай? - Жапырақтардың түсі сары, қызыл.</p>		<p>Сары жапырақ. Үш сары жапырақ. Қызыл жапырақ. Екі қызыл жапырақ. Жасыл жапырақ. Бір жасыл жапырақ. Суретке қара, сөйле. Экраннан күзгі ауа райына байланысты суреттер көрсетіледі де сұрақ қойылады. Балалар суретке қарап алдымен ана тілінде содан кейін педагогтің көмегімен қазақ тіліне аударып, бірнеше рет қайталап, былай жауап береді: жаңбыр жауады, жел соғады.</p> <p>Ойын «Мен бастаймын, сен аяқта»</p> <p>Жаңбыр (дождь) ... (жауады-идет)</p> <p>Жел (ветер) ... (соғады-дует)</p> <p>Алтын (золотая) ... (күз-осень)</p> <p>Сары (желтый) ... (жапырақ-лист)</p> <p>Қызыл (красный) ... (жапырақ-лист)</p> <p>Жасыл (зеленый) ... (жапырақ-лист)</p> <p>Ауа райы (погода) ... (салқын-прохладно)</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p>- Балалар не киіп алған? - Балалар күрте, баскиім киіп алған. - Балалар не істеп жатыр? Күз туралы бейнеролик көрсету. «Күз мезгілі» әңгіме - Қазір күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғайып, қалықтап жерге түседі. Күзде жаңбыр жиі жауады. Күзде балалар қолшатырдың астына тығылады. Жапырақтар күннің көзінде алтындай жылтырайды. Біз бұл құбылысты «алтын күз» дейміз. - Күз айларын есте сақтайық. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша Мнемокарточкамен әңгіме - Балалар, бұл қай жыл мезгілі? Иә. Бұл күз мезгілі. - Жапырақтар не істейді? Жапырақтар түсіп жатыр. - Жапырақтар жасыл түсті ме? Жоқ. Жапырақтар сары</p>		<p>Сергіту сәті Күзайлары тамаша Қыркүйек, қазан, қараша. Жерде алтын жапырақ Сан жетпейді санаса. Сұхбат Қазір қай жыл мезгілі? Қазір күз мезгілі. Ауа райы қандай? Күн салқын. Күзде күн қандай болады? Күзде жаңбыр жауады, жел соғады. (Идет дождь, дует ветер) Балалар, біз бүгін не үйрендік? Қазір қай мезгіл? Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгіліндегі негізгі ерекшелік қандай? Күзгі ауа райы қандай? Жақсы қатысқан балаларды мақтап, балалармен қоштасады.</p>		
--	--	--	---	--	--

түсті.
- Күзде не жауады?
Жаңбыр жауады.
**«Сәйкестендір»
дидактикалық
ойыны**
Алдарыңда жатқан
әртүрлі ағаш
жапырақтарының
үлкендері мен
кішкентай
жапырақтарын
сәйкестендіреді.
**«Дұрыс ата» ойыны
«Көлеңкесінен таны»
ойыны**
Балалар берілген
сөздерді дұрыс айтады
және ол сөздерді
қолдана алады.
**Қимылды ойын:
«Жаңбыр мен күн»
Саусақ жаттығуы**
Бұлт жиналды,
жиналды,
Жаңбыр жерге тамады.
Күннің көзі ашылды,
Жаңбыр лезде
басылды.
Қорытынды
- Балалар, біз бүгін не
туралы білдік? Дұрыс,
алтын күз, күзгі
жапырақтар, күзгі
еңбек туралы.
**Алтын жапырақпен
қоштасу.**

	<p>- Балалар, Алтын жапырақ әрі қарай ұшып барады. Алтын жапырақпен қоштасайық.</p> <p>- Сау бол!</p> <p>«Алуан-алуан жапырақ» атты ойын рефлексиясы.</p> <p>- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнаған болса, ағашқа сары жапырақтарды жапсырамыз. Көңіл күйлерің болмай тұрса, ағашқа қызыл жапырақты жапсырамыз.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Сергіту сәті Шашымды да тарадым, Айнаға да қарадым. Ерте тұрдым ұйқыманан Мен бақшаға барамын.</p> <p>Тақпақ жаттау Отан – жерім, Отан – суым, Отан – қуат, нәр береді. Отан – ұран, Отан туым,</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> «Кел, сөйлесейік!»</p> <p>- Сәлем! - Сәлем! - Бұл не? - Бұл – доп. - Маған доп берші. - Міне, ал. - Рақмет!</p> <p>Тақпақ жаттау Туған өлкем Туған өлкем</p>		

	<p>Отан мәңгі гүлденеді. («Мен Отаныммен мақтанамын» ертеңгілік «Адал азамат» бағдарламасы)</p> <p><u>Мектепалды топ</u> Саусақ жаттығуы Бұлт жиналды, жиналды, Жаңбыр жерге тамады. Күннің көзі ашылды, Жаңбыр лезде басылды.</p> <p>Тақпақ жаттау Елім менің! Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.</p>		<p>Кеңсің дала, Туған ана. Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана.</p>		
	<p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау</p> <p>«Адал азамат» бағдарламасы бойынша</p>	<p>«Ақсерек-көксерек» ойыны</p> <p>Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді. Ойын барысы: Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-топ ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. 2-топ. Ақсерек-ау, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек. Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>			